

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы
мемлекеттік нормативтер**

**Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства**

**Диаметрі 50 мм-ден 300 мм дейінгі алдын ала
оқшауланған болат құбырлардан жасалған жылумен
жабдықтау құбыр жолдарының түйіскен жерлерінің
тұйықтылығын сынауға арналған**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**на испытание герметичности стыков трубопроводов
теплоснабжения из стальных предварительно
изолированных труб диаметром от 50 мм до 300 мм**

**ҚР СНТК 8.07-06-2015
ТКСН РК 8.07-06-2015**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс,
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын
басқару комитеті**

**Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и
управления земельными ресурсами Министерства национальной
экономики Республики Казахстан**

Астана 2015

ҚР СНТК 8.07-06-2015. Технологиялық карта
ТКСН РК 8.07-06-2015. Технологическая карта

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
- 2. ҰСЫНҒАН** Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері және жер ресурстарын басқару комитеті
- 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ** Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (ҚР ҰЭМ) Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері (ТКШ) және жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №358-НҚ бұйрығымен
- 4. ОРНЫНА** алғашқы рет

Предисловие

- 1. РАЗРАБОТАНЫ** АО «КазНИИСА»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ** Комитетом по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК)
- 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Председателя Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) и управления земельными ресурсами (УЗР) Министерства национальной экономики Республики Казахстан (МНЭ РК) от 2 ноября 2015 года № 358-НҚ
- 4. ВЗАМЕН** впервые

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Жалпы ережелер.....	1
2 Қолдану саласы	2
3 Нормативтік сілтемелер	3
4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары	4
5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы	5
6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	13
7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар.....	15
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	19
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	23

**БЕЛГІ ҮШІН
ҮШІН ЗАМЕТОК**

**ДИАМЕТРІ 50-ДЕН 300 ММ ДЕЙІН БОЛАТ АЛДЫН АЛА ОҚШАУЛАНҒАН
ҚҰБЫРЛАРДАН ЖАСАЛҒАН ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ҚҰБЫР ӨТКІЗГІШТЕРІ
ЖАПСАРЛАРЫНЫҢ САҢЫЛАУСЫЗДЫҒЫН СЫНАУҒА АРНАЛҒАН
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА**

Енгізу күні 2015-11-02

1 Жалпы ережелер

1.1 Диаметрі 50-ден 300 мм дейін болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынауға арналған технологиялық карта Қазақстан Республикасы құрылыс объектілерінде қолдану үшін ҚР ҚН 1.03-00 және басқа да қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың (НТК) талаптарына сәйкес әзірленді.

1.2 Технологиялық картада диаметрі 50-ден 300 мм дейін болат алдын ала оқшауланған құбырлардан (бұдан әрі мәтін бойынша – АО-құбырлар) жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштерін гидравликалық әдіспен беріктікке және саңылаусыздыққа алдын ала және түпкілікті (қабылдау) сынау қаралады.

1.3 Технологиялық картада мыналар келтірілген:

- қолдану саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылатын материалдардың сипаттамалары;
- жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік;
- жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар;
- Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.4 Жұмыстарды жүргізудің шарттары мен ерекшеліктері:

- болат АО-құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау сыртқы желілерінің құбыр өткізгіштерін сынау кезінде жұмыстарды ұйымдастыру және орындау (жұмыстарды ұйымдастыру, машиналарды, сынау жабдығын қолдану, жұмыстарды орындаудың жүйелілігі және т.б.) жобалық құжаттаманың, жұмыстарды жүргізу жобасының (ЖЖЖ), қолданылатын машиналарды және сынау жабдығын пайдалану бойынша нұсқаулықтардың және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес жүзеге асыру қажет;

- сынақтар кезінде судың температурасы плюс 5-тен 40°C дейін, ауа температурасы – оң болуға тиіс;

- сыртқы ауа температурасы теріс болғанда құбыр өткізгішті температурасы 70 °C астам емес сумен толтыру және оны 1 сағат толтыру және босату мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет;

- сынақтар кезінде металл және қоршаған ауа температураларының арасындағы әркелкілік сынақтар объектісінің үстіңгі бетіне ылғалдың түсуіне алып келмеуге тиіс;

- жұмыс орындарының жарықтандырылу деңгейі МЕМСТ 12.1.046 сәйкес келуге тиіс.

1.5 Осы технологиялық картада қарастырылатын жұмыстардың құрамына мыналар кіреді:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі және қосалқы жұмыстар;

- диаметрі 50-ден 300 мм дейін болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау;

в) қорытынды жұмыстар.

1.6 Осы технологиялық карта болат АО-құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау сыртқы желілерін төсеуге дейін және кейін орындалатын жер қазу жұмыстарының кешенін (орларды әзірлеу және кері көму, шұңқырлар құрылғысы), компенсаторларды монтаждауды, жылжымайтын тіректердің және жылу камераларының құрылғысын, бекіту арматурасын орнатуды, компенсациялық аймақтар құрылғысын, оқшаулаудың металл бітеуіштерін монтаждауды, оқшаулаудың уақытша бітеуіштерін және оқшаулаудың ұштық бітеуіштерін монтаждауды, полиэтилен қабыршақтың біріктіргіш жаспарларын жылугидрооқшаулауды, құбырлардың жылу камераларына кіру, шығу бөліктерінің бітемелеу құрылғысын, іске қосу-жөндеу жұмыстары қарастырмайды.

1.7 Болат АО-құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау сыртқы желілерінің құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау бойынша жұмыстар ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНжЕ 1.03-05, ҚР ҚНжЕ 2.02-05, ҚР ҚНжЕ 3.05-01, ҚНжЕ 3.05-03, ҚР ҚН 4.02-11, ҚР ҚЕ 4.02-04, МҚН 4.02-02, МҚН 4.02-02 көмекші құралының, жұмыстарды жүргізу жобасының (ЖЖЖ) және осы технологиялық картаның 1.4-тармағының талаптарын сақтаумен жылдың кез келген уақытында екі ауысымда орындалады.

1.8 Технологиялық картада еңбек режимі жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру кезінде еңбек процестерін орындаудың оңтайлы қарқынынан, еңбек бөлінісін, жетілдірілген құралды және мүкәммалды қолдануды ескере отырып, бригада жұмысшылары арасында міндеттерді айқын бөлуден қабылданған.

2 Қолдану саласы

2.1 Технологиялық карта құбыр өткізгіштерді сынау бойынша жұмыстарды орындалатын жұмыстарды ұйымдастыру, технологиясы және механикаландыру бойынша ұтымды шешімдермен қамтамасыз етуге арналған.

2.2 Технологиялық картаны байланыстыру кезінде жұмыстардың құрамын, механикаландыру құралдарын, еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікті нақтылау, сапаны бақылау, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды түзету қажет.

2.3 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылға жай-күйі бойынша жасалған Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі бойынша НҚА және НТҚ, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА және НТҚ қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтеме НҚА және НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА-ны және НТҚ-ны басшылыққа алу керек.

Егер сілтеме НҚА және НТҚ ауыстырылмай күші жойылса, онда оларға сілтеме берілген жағдай осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Нормативтік сілтемелер

Осы Технологиялық картада келесі нормативтік-техникалық құжаттарға (НТҚ) сілтемелер пайдаланылды:

ҚР ҚН 1.03-00-2011	Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыстарды салуды ұйымдастыру
ҚР ҚН 4.02-11-2003	Жұқа табакты мырышталған болаттан спиральды оралған қабыршақтағы көбік-полиуретаннан индустриялық жылу оқшаулау құбырларынан жасалған жылу желілерін жобалау және монтаждау жөніндегі нұсқаулық
ҚР ҚНжЕ 1.03-05-2001	Құрылыста еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы
ҚР ҚНжЕ 2.02-05-2009*	Ғимараттардың және құрылыстардың өрт қауіпсіздігі
ҚР ҚНжЕ 3.05-01-2010	Магистралдық құбыр өткізгіштер
ҚНжЕ 3.05-03-85	Жылу желілері
МҚН 4.02-02-2004	Жылу желілері
МҚН 4.02-02-2004 көмекші құралы	Жылу желілері
ҚР ҚЕ 4.02-04-2003	Жылу желілері. Индустриялық өндірісті көбік-полиуретан оқшаулаумен болат құбырлардың арнасыз төсемі желілерін жобалау және құрылысы
МЕМСТ Р 12.0.001-2013	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Негізгі ережелер
МЕМСТ 12.1.004-91	ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар
МЕМСТ 12.1.013-78	ЕҚСЖ. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар
МЕМСТ 12.1.019-79	ЕҚСЖ. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар және қорғау түрлерінің номенклатурасы
ҚР СТ МЕМСТ Р 12.4.026-2002	Дабылдық түстер, қауіпсіздік белгілері және дабылдық белгі. Жалпы техникалық шарттар және қолдану тәртібі
МЕМСТ 12.1.046-85	Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары
МЕМСТ 12.2.061-81	ЕҚСЖ. Өндірістік жабдық. Жұмыс орындарының қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар
МЕМСТ 12.4.010-75	ЕҚСЖ. Жеке қорғаныш құралдары. Арнайы қолғаптар. Техникалық шарттар
МЕМСТ 12.4.011-89	ЕҚСЖ. Жұмысшыларды қорғау құралдары. Жалпы талаптар және сыныптама
МЕМСТ 12.4.013-85	ЕҚСЖ. Қорғаныш көзілдірігі. Жалпы техникалық шарттар
МЕМСТ 12.4.087-84	ЕҚСЖ. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 12.4.137-2001	ЕҚСЖ. Мұнайдан, мұнай өнімдерінен, қышқылдардан, сілтілерден, уландырмайтын және жарылыс қауіпті тозаңнан қорғауға арналған арнайы аяқ киім. Техникалық шарттар
МЕМСТ 112-78	Метеорологиялық шыны термометрлер. Техникалық шарттар

ҚР СНТК 8.07-06-2015

MEMCT 2405-88	Манометрлер, вакуумметрлер, мановакуумметрлер, қысым өлшегіштер, тарту күшін өлшегіштер, және тарту күші-қысым өлшегіштер. Жалпы техникалық шарттар
MEMCT 10112-2001	Екі жақты сомандық кілттер. Ашылу құрамдастырылған өлшемдері
MEMCT 3242-79	Дәнекерленген жалғанымдар. Сапаны бақылау әдістері
MEMCT 5547-93	Құрамдастырылған атауыздар. Техникалық шарттар
MEMCT 10597-87	Баяу жаққыштар және щеткалар. Техникалық шарттар
MEMCT 10733-98	Механикалық қол және қалта сағаты. Жалпы техникалық шарттар
MEMCT 11042-90	Болат құрылыс балғалары. Техникалық шарттар
MEMCT 17199-88	Слесарлық-монтаждау бұрауыштары. Техникалық шарттар
MEMCT 20010-93	Техникалық резеңке қолғаптар. Техникалық шарттар
MEMCT 23407-78	Құрылыс алаңдарының және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу учаскелерінің мүкәммал қоршаулары. Техникалық шарттар
MEMCT 24054-80	Машина жасау және аспап жасау бұйымдары. Саңылаусыздыққа сынау әдістері. Жалпы талаптар
MEMCT 25136-82	Құбыр өткізгіштердің жалғанымдары. Саңылаусыздыққа сынау әдістері
MEMCT 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Ғимараттар мен құрылыстар параметрлерінің өлшемдерін орындау қағидалары
MEMCT 27643-88	Судан қорғауға арналған ерлер костюмдері. Техникалық шарттар

«Өрт қауіпсіздігі ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысы

ЭҚҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 24 қазандағы № 1355 қаулысы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2009 ж 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген Бу және ыстық су құбыр өткізгіштерінің құрылысына және қауіпсіз пайдалануға қойылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 ж. 26 қаңтардағы №49 қаулысымен бекітілген «Бу және ыстық су құбыр өткізгіштерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті

Қазақстан Республикасының Құрылыс нормалары. Құрылыс, жөндеу-құрылыс және монтаждау жұмыстарына арналған бірыңғай нормалар және бағалар (БНЖБ):

БНЖБ Е9-жинақ. Жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, газбен жабдықтау және кәріз жүйелерінің құрылысы. 2-шығарылым Сыртқы желілер және құрылыстар.

4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары

4.1 Жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштерін гидравликалық сынау үшін сыртқы сумен жабдықтау жүйесінен су қолданылады. Пайдаланылатын су сынақтар объектісін лақтамауға немесе қарқынды тоттануды туғызбауға тиіс.

4.2 Міндетті сертификаттауға және гигиеналық тіркеуге жататын материалдар мен бұйымдардың сәйкестік сертификаты және гигиеналық тіркеу туралы куәлігі болуға тиіс.

Оларға қолдану тәжірибесі және республика аумағында қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар жоқ импортталатын құрылыс материалдары және бұйымдардың Сәйкестік сертификаты болуға тиіс.

5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және технологиясы

Болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау кезінде жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыруды және технологиясын жобалық құжаттаманың, ЖЖЖ-ның, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚН 4.02-11, ҚР ҚНжЕ 1.03-05, ҚР ҚНжЕ 2.02-05, ҚНжЕ 3.05-03, МҚН 4.02-02, МҚН 4.02-02 көмекші құралдың, ҚР ҚЕ 4.02-04 және осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындау қажет.

5.1 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау бойынша жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін:

- жауапты жұмыстарды жүргізушіні тағайындау;
- жұмыстарды жүргізуге рұқсат алу;
- жауапты жұмыстарды жүргізушіге белгіленген нысан бойынша онда күзет аймағының көлемдерін көрсете отырып, қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге рұқсат-жүктелім алу және ресімдеу. Жұмыстарды жүргізу шарттары өзгерген жағдайда рұқсат-жүктелім жойылады және жұмыстарды жаңартуға тек қана жаңа рұқсат-жүктелім берілгеннен кейін рұқсат етіледі;
- аралас учаскелерде жұмыс істейтіндермен сынақтардың басталу және жүргізу уақытын келісу;
- еңбекті қорғау, өрт және электр қауіпсіздігі бойынша нұсқамаларды тіркеу журналында жазбамен жұмысшыларды қол қойдырып, нысаналы нұсқаманы өткізу;
- жұмысшыларды қол қойдырып, ЖЖЖ-мен, сынақтарды жүргізу шарттарымен және тәртібімен және осы технологиялық картамен таныстыру;
- МЕМСТ 12.4.011 сәйкес жұмысшыларды арнайы киіммен, қорғаныш көзілдіріктерімен, қолғаптармен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен (ЖКҚ) қамтамасыз ету;
- ҚР ҚНжЕ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00 және ЖЖЖ талаптарына сәйкес жұмыстарды жүргізу учаскелерін және жұмыс орындарын ұйымдастыруды орындау (жұмыстарды орындау учаскелерін және орындарын жайластыру, сынау жабдығын орналастыру үшін алаңдарды дайындау және т.б.);
- МЕМСТ 23407 сәйкес жұмыстарды жүргізу қауіпті аймағының периметрі бойынша дабылдық қоршауды орнату;
- анықталған ақауларды жөндей отырып, МЕМСТ 3242 сәйкес болат құбыр өткізгіштердің дәнекерленген жалғанымдарының сапасын тексеру;
- құбыр өткізгіштерді болат бітеуіштермен ғимаратқа (құрылысқа) орнатылған қолданыстағы және бірінше бекіту арматурасынан ажырату;
- алдын ала сынақтарда құбыр өткізгіштердің сыналатын учаскелерінің ұштарында, сондай-ақ тығыздамалы (сильфондық) компенсаторлардың (II тәрізділерден басқа) және

секциялағыш бітеуіштердің орнына болат бітеуіштерді орнату. Құбыр өткізгіштердің сыналатын учаскелерін ажырату үшін бекіту арматурасын пайдалануға тыйым салынады;

- топырақты диаметрдің жартысына батыра отырып, қуысты көму және құбырларды тексеру үшін ашық қалдырылған жапсарлы жалғанымдармен жабу;

- түпкілікті (қабылдау) сынауды жүргізу үшін полиэтилен қабыршақ біріктіргіш жаспарларын жылугидроокшаулауды құбыр өткізгіш толық кері көмуді орындау;

- МЕМСТ 12.1.046 сәйкес жұмыс орындарын уақытша электрмен жарықтандыру құрылғысы бойынша жұмыстарды орындау;

- сыналатын құбыр өткізгіштердің бойында (учаске) сынақтарды жүргізу кезінде оларды сыртқы тексеру және дәнекерленген жапсарларды тексеру үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- объектіге құбыр өткізгіштер жапсарларының саңылаусыздығы сынақтарын жүргізу, олардың жұмысқа қабілеттілігін тексеру үшін қажетті машиналарды, құрылғыларды, құралдарды, мүкәммалды және жабдықты жеткізу қажет.

5.1.2 Болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау бойынша жұмыстарды келесі құрамдағы буындар орындайды:

а) №1 буын –құбыр өткізгіштерді шаю бойынша жұмыстарды орындайды:

- 4 разрядты сыртқы құбыр өткізгіштерді монтаждаушы (бұдан әрі мәтін бойынша – монтаждаушы) (М2) – 1 адам;

- 3 разрядты монтаждаушы (М3) – 1 адам;

- 2 разрядты монтаждаушы (М5, М6) – 2 адам.

б) № 2 буын –құбыр өткізгіштерді алдын ала және түпкілікті сынау бойынша жұмыстарды орындайды:


- 5 разрядты сыртқы құбыр өткізгіштерді монтаждаушы (бұдан әрі мәтін бойынша – монтаждаушы) (М1) – 1 адам;

- 4 разрядты монтаждаушы (М2) – 1 адам;

- 3 разрядты монтаждаушы (М3, М4) – 2 адам;

Компрессорды пайдалану кезінде 4 разрядты монтаждаушының 4 разрядты жалпы құрылыс жұмыстарының машинисті деген аралас мамандығы болуға тиіс.

5.1.3 Болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 1-суретте келтірілген.



- 1 – ысырма (шағыр);
- 2 – бітеуіш;
- 3 – алдын ала оқшауланған құбыр;
- 4 – жылу оқшаулағыш жапсар;
- 5 – түсіру краны;
- 6 – кері клапан;
- 7 – гидравликалық қыспақ;
- 8 – қолданыстағы су құбырынан немесе жылу құбырынан су беруге арналған уақытша құбыр өткізгіш;
- 9 – манометр;
- 10 – құбырлар кәрізі;
- 11 – қауіпті аймақтың ескерту белгісі

M1 - M4 – сыртқы құбыр өткізгіштерді монтаждаушылардың жұмыс орындары

1-сурет – Болат алдын ала оқшауланған құбылардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы

5.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы

Болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау бойынша жұмыстар келесі технологиялық жүйелілікпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі және қосалқы жұмыстар:

- диаметрі 50-ден 300 мм дейін болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау;

в) қорытынды жұмыстар.

5.2.1 Дайындық жұмыстары

Құбыр өткізгіштер жапсарларының саңылаусыздығы сынақтары басталар алдында жұмысшылар шеберден (прорабтан) сынақтарды жүргізу және оларды қауіпсіз орындау тәртібі туралы тапсырма, нұсқаулар алады; қол қойып жобалық құжаттамамен, ЖЖЖ-мен және осы технологиялық картамен танысады; қажетті жеке қорғаныш құралдарын, құралдарды, құрылғыларды және жабдықты алады; құралдардың, құрылғылардың және жабдықтың толымдылығын және ақаусыздығын тексереді.

5.2.2 Негізгі және қосалқы жұмыстар

АО-құбырлардан жасалған құбыр өткізгіштерді монтаждауға дейін, кезінде және аяқталғаннан кейін құбырлардың және фасондық бұйымдардың ішкі үстіңгі бетінің құрғақтығына және бөгде заттардан тазартылғандығына шолып көзе жеткізу керек.

Монтаждау аяқталғаннан кейін қолданыстағыи НТҚ-ға сәйкес монтаждалған жылумен жабдықтау жүйесін сумен шаюды жүргізу қажет.

Құбыр өткізгіштерді шаю нәтижелері туралы ҚНЖЕ 3.05.03 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасалады.

Жылумен жабдықтау АО-құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығы келесі сынақтар негізінде анықталады:

- АО-құбыр өткізгіштерді беріктікке және саңылаусыздыққа алдын ала сынау;

- АО-құбыр өткізгіштерді беріктікке және саңылаусыздыққа түпкілікті (қабылдау) сынау.

АО-құбыр өткізгіштерді сынауды пайдаланушы ұйыммен келісілген және жұмыстарды орындаудың технологиясын және қауіпсіздік техникасын регламенттейтін технологиялық схемалар бойынша жүргізу керек.

Сынақтарды орындау кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 ж. 26 қаңтардағы №49 қаулысымен бекітілген Бу және ыстық су құбыр өткізгіштерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2009 ж21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген Бу және ыстық су құбыр өткізгіштерінің құрылғысына және қауіпсіз пайдалануға қойылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау қажет.

Алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған құбыр өткізгіштерді беріктікке және саңылаусыздыққа алдын ала және түпкілікті сынаулар гидравликалық әдіспен орындалады.

АО-құбыр өткізгіштерді алдын ала гидравликалық сынау бойынша жұмыстардың құрамына келесі технологиялық операциялар кіреді:

- сынау жабдығын жұмысқа дайындау;

- құбыр өткізгішті тазалау;

- оларды уақытша тіреулерге бекіте отырып, манометрлерді, болат бітеуіштерді орнату;

- сыртқы су құбырын және гидравликалық қыспақты (сорғы) қосу;
- АО-құбыр өткізгіш сыналатын учаскесін берілген сынақ қысымына дейін сумен толтыру;

- сынақ қысымын жұмыс мәніне дейін төмендеу;
- ақаулы жерлерді белгілей отырып, АО-құбыр өткізгішті тексеру;
- анықталған ақауларды жою;
- АО-құбыр өткізгішті қайталама сынау және алдын ала сынақтар актісін жасай отырып,

тапсыру;

- су құбырын ажырату және суды ағызу;
- бітеуіштерді, тіреуіштерді және манометрлерді шешу.

Алдын ала сынақтарды жүргізу үшін:

- жылжымалы баспалау агрегаты (мотогидроқыспақ) немесе АО-құбыр өткізгіште судың қысымын қалыптастыруға арналған гидравликалық кол қыспағы;

- Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы қолданыстағы НТҚ бойынша, дәлдік сыныбы кемінде 1,5 екі аттестатталған манометр;

- Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы қолданыстағы НТҚ бойынша температураны өлшеуге арналған термометр;

- Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы қолданыстағы НТҚ бойынша сағат қолданылады.

АО-құбыр өткізгіштерді беріктікке және саңылаусыздыққа алдын ала сынау топырақты диаметрдің жартысына батыра отырып, қуыстарды көмуден және АО-құбырларды тексеру үшін ашық қалдырылған жапсарлы жалғанымдармен жабудан кейін, бірақ компенсаторларды, секциялағыш ысырмаларды орнатуға, біріктіргіш жаспарларды (дәнекерленген жалғанымдар) жылугидрооқшаулауға және АО-құбыр өткізгіштерді кері көмуге дейін құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Жылумен жабдықтау АО-құбыр өткізгіштерінің алдын ала сынақтарында 500 м аспайтын учаскелерді сынау ұсынылады.

Жылумен жабдықтау желілерінің АО-құбыр өткізгіштерінде ЖЖЖ-да келтірілген деректерге сәйкес құбыр өткізгіштердің жоғарғы нүктесіндегі (белгісіндегі) сынақ қысымы немесе 1,25 тең жұмыс қысымы қалыптастырылады.

Ауа шығаратын құрылғылар арқылы АО-құбыр өткізгіштердің сыналатын учаскелерін сумен толтыру кезінде ауаны шығару және сырттай бақылап болат құбырлардың дәнекерленген жапсарларынан судың ағу іздерінің болмауына тексеру қажет.

Қысымның бірте-бірте және бір қалыпты артуы және төмендеуі қамтамасыз етілуге тиіс. Қысымды көтеру үшін сығылған ауаны пайдалануға рұқсат етілмейді.

Сынақ қысымы кемінде 10 минут бойы сақталады, одан кейін ол құбыр өткізгіштерді тексеру үшін қажетті уақыт ішінде ұсталып тұратын жұмыс қысымына дейін төмендетіледі.

Сынақтар кезінде, тамшылар анықталғанда және қысым күрт төмендегенде ақаулардың себептерін анықтау үшін АО-құбыр өткізгіштер жалғанымдарын тексеруді тоқтату, ақауларды жою және қайта сынауды жүргізу қажет.

Сынақтардың нәтижелері жұмыстар журналында тіркелуге тиіс.

Сынақтар аяқталғаннан кейін жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштерінен суды ағызу қажет.

АО-құбыр өткізгіш, егер құбыр өткізгіштің элементтеріндегі ағу, дәнекерленген жапсарларда және негізгі металда ағу және булану, жарылу белгілер, құбыр өткізгіштің және

жылжымайтын тіректердің көзге көрінетін қалдық деформациялары анықталмаса, беріктікке және саңылаусыздыққа алдын ала гидравликалық сынақтарға шыдаған болып есептеледі.

АО-құбыр өткізгіштерін беріктікке және саңылаусыздыққа алдын ала сынау нәтижелері туралы ҚНЖЕ 3.05.03-85 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасалады.

АО-құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштерін беріктікке және саңылаусыздыққа түпкілікті сынау полиэтилен қабыршақтың біріктіргіш жаспарларын (дәнекерленген жалғанымдар) жылугидрооқшаулаудан, АО-құбыр өткізгіштерді толық кері көмуден және ысырмалар, компенсаторларды, ауа желпігіштеріне арналған крандарды және басқа да аспаптар мен жылу желілерінің жабдығын орнатудан кейін жүргізіледі.

Судың сынақ гидравликалық қысымы 1,3 жұмыс қысымына тең болуға тиіс.

Түпкілікті сынау келесі тәртіппен жүргізіледі:

- АО-құбыр өткізгіште ЖЖЖ бойынша жұмыс қысымына тең қысым қалыптастырады, және оны 2 сағат ішінде суды айдамалап ұстап тұрады;

- қысымды сынақ деңгейіне дейін көтереді және оны 2 сағат ішінде суды айдамалап ұстап тұрады.

АО-құбыр өткізгіш, егер сынақ қысымында бір сағат ішінде кейіннен ұстап тұру кезінде қысым 0,02 МПа аспаса, түпкілікті сынауға шыдаған болып есептеледі. Құбыр өткізгіштерді беріктікке және саңылаусыздыққа түпкілікті сынау нәтижелері туралы ҚНЖЕ 3.05.03-85 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша акт жасалады.

5.2.3 Қорытынды жұмыстар

Құбыр өткізгіштерді сынаудан кейін жұмысшылар алаңды (жұмыс орындары) қоқыстан тазартады. Сынақ жабдығын материалды жауапты адамның күзетуіне береді.

5.3 Диаметрі 50-ден 300 мм дейін болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынауға арналған операциялық карта 1-кестеде келтірілген.

1-кесте – Диаметрі 50-ден 300 мм дейін болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынауға арналған операциялық карта

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдық, құрал, мүкәммал, құрылғылар), машиналар, тетіктер және жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаты
Дайындық жұмыстары			
Дайындық жұмыстары	-	5 разрядты монтаждаушы (М1), 4 разрядты монтаждаушы (М2), 3 разрядты монтаждаушылар (М3, М4), 2 разрядты монтаждаушылар (М5, М6)	Жұмысшылар шеберден (прорабтан) тапсырма және оны қауіпсіз орындау әдістері туралы нұсқаулар алады; қол қойып жобалық құжаттамамен, ЖЖЖ-мен және АО-құбыр өткізгіштердің жапсарлы жалғанымдары саңылаусыздығының сынақтарын жүргізу шарттарымен және әдістемесімен және осы технологиялық картамен танысады; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нысаналы нұсқамадан өтеді; қажетті жеке қорғаныш құралдарын, құралдарды, құрылғыларды, сынақ жабдығын алады; олардың ақаусыздығын тексереді, ақаулы болған жағдайда–оларды ауыстыруды жүргізеді.
Негізгі және қосалқы жұмыстар			
АО-құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгішін шаю	Сомынды кілттер жинақтамасы, бұрауыш, атауыз	М2, М3, М5, М6	Монтаждау аяқталғаннан кейін монтаждалған жылумен жабдықтау жүйесін сумен шаяды. Бұл үшін сыртқы сумен жабдықтау жүйесін қосады. Жылумен жабдықтау құбыр өткізгішін сумен толтырады. Лайсаң қоспалардан толық тазартылғанға дейін құбыр өткізгішті шаяды. Құбыр өткізгіштен суды ағызады.
Құбыр өткізгіштердің жапсарларын беріктікке және саңылаусыздыққа алдын ала гидравликалық сынау	Жылжымалы баспалау агрегаты (мотогидроқыспақ) немесе гидравликалық қол қыспағы, аттестталған манометрлер, термометр, сағат, сомынды кілттер жинақтамасы, бұрауыш, атауыз	М1, М2, М3, М4	Алдын ала сынақтар басталғанға дейін құбыр өткізгіштің әрбір сыналатын учаскесінің ұштырана оларды уақытша тіреулерге бекіте отырып, болат бітеуіштерді орнату қажет. Ауа шығаратын құрылғылар арқылы (ұсынылатын ұзындығы 500 м дейін) сыналатын учаскеден ауаны шығарады, учаскені сыртқы сумен жабдықтау жүйесіне және қыспаққа қосады. Мотогидроқыспақтың (қол гидроқыспағы) көмегімен жүйеде ЖЖЖ-ға сәйкес судың сынақ қысымын немесе 1,25 тең жұмыс қысымын қалыптастырады. Манометрлердің көрсеткіштері, құбырлардың жапсарлы дәнекерленген жалғанымдарының жай-күйін бақылайды.

I-кестенің жалғасы

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық жабдық, құрал, мүкәммал, құрылғылар), машиналар, тетіктер және жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаты
			<p>Кемінде 10 минут ішінде сынақ қысымын ұстап тұрады, одан кейін оны жұмыс қысымына дейін түсіреді.</p> <p>Құбыр өткізгіштің сыналатын учаскесін тексеруді жүргізеді, анықталған ақауларды жояды.</p> <p>Ақаулар жойылғаннан кейін жоғарыда айтылған әдістеме бойынша жүйені қайта сынауды жүргізеді.</p> <p>Алдын ала сынақтар аяқталғаннан кейін АО-құбыр өткізгіштің сыналатын учаскесін сумен жабдықтау желісінен және гидроқыспақтан (сорғы) ажыратады, жүйеден суды ағызады, манометрлерді, болат бітеуіштерді, уақытша тіреуіштерді шешеді.</p>
Құбыр өткізгіштердің жапсарларын беріктікке және саңылаусыздыққа түпкілікті гидравликалық сынау	Жылжымалы баспалау агрегаты (мотогидроқыспақ) немесе гидравликалық қол қыспағы, аттестталған манометрлер, термометр, сағат, сомынды кілттер жинақтамасы, бұрауыш, атауыз	М1, М2, М3, М4	<p>Түпкілікті сынауды жүргізу басталғанға дейін біріктіргіш жаспарларды (дәнекерленген жалғанымдар) жылугидрооқшаулауды, АО-құбыр өткізгіштерді кері көмуді және бекіту арматурасын, компенсаторларды және басқа да аспаптар мен жабдықты орнатуды орындау қажет.</p> <p>АО-құбыр өткізгіште ЖЖЖ бойынша жұмыс қысымына тең қысым қалыптастырады және оны 2 сағат ішінде суды айдамалап ұстап тұрады.</p> <p>Одан әрі қысымды 1,3 жұмыс қысымына тең сынақ деңгейіне дейін көтереді және оны 2 сағат ішінде суды айдамалап ұстап тұрады.</p> <p>АО-құбырлардан жасалған құбыр өткізгіш, егер сынақ қысымында бір сағат ішінде кейіннен ұстап тұру кезінде қысым 0,02 МПа аспаса, түпкілікті сынауға шыдаған болып есептеледі.</p>
Қорытынды жұмыстар			
Қорытынды жұмыстар	Қоқысқа арналған контейнер, сыпырғы, күрек	М1 – М6	АО-құбыр өткізгіштерді сынаудан кейін жұмысшылар алаңды (жұмыс орындары) қоқыстан тазартады. Сынақ жабдығын материалды жауапты адамның күзетуіне береді.

6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Диаметрі 50-ден 300 мм дейін болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомості 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – Диаметрі 50-ден 300 мм дейін болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау кезінде қолданылатын материалдар мен бұйымдарға қажеттілік ведомості

Жұмыстардың көлемі – құбыр өткізгіштің 100 м

p/c №	Материалдың, бұйымның атауы	НТҚ атауы және белгіленуі	Өлшем бірлігі	Саны							
				57/125	76/140	89/160	108/180	133/225	159/250	219/315	273/400
1	Су	-	м ³	Факт бойынша							

6.2 Диаметрі 50-ден 300 мм дейін болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау кезінде қолданылатын машиналар, тетіктер, жабдық, технологиялық жабдық, құрал, мүкәммал және құрылғылар тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте – Машиналар, тетіктер, жабдық, технологиялық жабдық, құрал, мүкәммал және құрылғылар тізбесі

бригадаға – 6 адам

p/c №	Атауы	Типі, маркасы, дайындаушы зауыт	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Бригадаға саны, дана.
1	Компрессор	ЖЖЖ бойынша	Полиэтилен қабыршақтың біріктіргіш жаспарларын сынау	ЖЖЖ бойынша	1
2	Жылжымалы баспалау агрегаты (мотогидроқыспақ)	ЖЖЖ бойынша	Сынақ қысымын қамтамасыз ету үшін	Жұмыс қысымы кемінде 16 МПа	1
3	Қол гидравликалық қыспағы	ЖЖЖ бойынша	Сынақ қысымын қамтамасыз ету үшін	ЖЖЖ бойынша	1
4	Серіппелі манометр		Сынақтар кезінде қысымды өлшеу	Дәлдік сыныбы кемінде 1,5	2
5	Сағат	-	Уақытты өлшеу	-	1
6	Сомынды кілттер жинақтамасы		Монтаждау жұмыстары	Комплект	1
7	Атауыз	-	Монтаждау жұмыстары	-	1
8	Слесарлық-монтаждау бұрауышы	-	Монтаждау жұмыстары	-	1

3-кестенің соңы

р/с №	Атауы	Типі, маркасы, дайындаушы зауыт	Арналуы	Негізгі техникалық сипаттамалары	Бригадаға саны, дана
9	Метеорологиялық термометр	-	Сыртқы ауа температурасын өлшеу	Өлшеу ауқымы -50 °С бастап +50 °С дейін, б.б. 1°С	1
10	Құрылыс каскасы (МЕМСТ 12.4.087-84)	-	Жеке қорғаныш құралы	-	6
11	Судан қорғауға арналған ерлер костюмі	-	Жеке қорғаныш құралы	-	2
12	Ерлер комбинезоны	-	Жеке қорғаныш құралы	-	4
13	Арнайы қолғаптар	-	Жеке қорғаныш құралы	-	6 жұп
14	Қорғаныш көзілдірігі	-	Жеке қорғаныш құралы	-	2
15	Арнайы аяқ киім	-	Жеке қорғаныш құралы	-	6 жұп
16	Резеңке қолғаптар	-	Жеке қорғаныш құралы	-	2 жұп
17	Дабылдық қоршау (МЕМСТ 23407-78)	ЖЖЖ бойынша	Ұжымдық қорғаныш құралы	-	ЖЖЖ бойынша жиынтық
18	Қауіпсіздік белгілері (ҚР СТ МЕМСТ Р 12.4.026-2002)	ЖЖЖ бойынша	Қауіпті аймақтарды белгілеу	-	ЖЖЖ бойынша жиынтық
19	Өрт сөндіргіш	-	Өрт сөндіру құралы	-	1
20	Медициналық дәрі қобдиы	-	Жарақаттар кезінде алғашқы көмекті көрсету	-	1
Ескертпе – жұмыстарды жүргізу барысында келтірілген 3-кестеде машиналар, тетіктер, құралдар, құрылғылар, жабдық техникалық сипаттамалары бойынша ұқсастарға ауыстырылуы мүмкін.					

7 Жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар

Диаметрі 50-ден 300 мм дейін болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының саңылаусыздығын сынау кезінде жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар технологиялық процестерді бақылау картасында (4-кесте) келтірілген.

4-кесте – Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Операцияларды бақылауды немесе жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшеу ауқымы, ақаулылық, дәлдік сыныбы	
Кіріс бақылауы										
Сынақ жабдығы (мотогидроқыспақ, қол гидроқыспағы, манометрлер)	Маркасы, техникалық сипаттамалары	жоба бойынша, ЖЖЖ бойынша	Рұқсат етілмейді	Қабылдау алаңы	Тұтас (жабдықтың әрбір топтамасы)	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	Сапa туралы құжат, жеткізушінің паспорты	-	Кіріс бақылауы журналы
Жедел бақылау (ҚР ҚЕ 4.02-04, ҚНЖЕ 3.05.03)										
АО-құбырлардан жасалған монтаждalған жылумен жабдықтау жүйесін шаю	Судың жай-күйі	Лайсаң қоспалардың болмауы	-	Монтаждalған жылумен жабдықтау жүйесі	Тұтас	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	-	-	ҚНЖЕ 3.05.03 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тексеруді жүргізу туралы акт

4-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Операцияларды бақылауды немесе жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшеу ауқымы, ақаулылық, дәлдік сыныбы	
Алдын ала сынау болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларының беріктікке саңылаусыздығы	Берілген сынақ қысымына дейін құбыр өткізгіштің сыналатын учаскесіне су беру	ЖЖЖ бойынша немесе 1,25 жұмыс қысымына дейін	Рұқсат етілмейді	Құбыр өткізгіштің сыналатын учаскесі	Тұтас (әрбір учаске)	Шебер (прораб)	Көзбен шолу, өлшеу (МЕМСТ 26433.2-94)	Қолданыстағы НТҚ бойынша манометрлер (2 дана)	Дәлдік сыныбы кемінде 1,5	Жалпы жұмыстар журналы
	Жылумен жабдықтау жүйесінегі сынақ қысымын ұстап тұру	Кемінде 10 минут	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Бұл да	Өлшеу (МЕМСТ 26433.2-94)	Қолданыстағы НТҚ бойынша сағат, манометрлер	- Дәлдік сыныбы кемінде 1,5	Бұл да
	Сынақ қысымын жұмыс қысымына дейін төмендету	Жұмыс қысымы жоба бойынша, ЖЖЖ бойынша	-«-	-«-	-«-	-«-	Бұл да	Қолданыстағы НТҚ бойынша манометрлер (2 дана)	Бұл да	-«-
	Анықталған ақауларды жою	Ақаулардың болмауы	-	-«-	-«-	-«-	Көзбен шолу	-	-	-«-

4-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Операцияларды бақылауды немесе жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшеу ауқымы, ақаулылық, дәлдік сыныбы	
Болат алдын ала оқшауланған құбырлардан жасалған жылумен жабдықтау құбыр өткізгіштері жапсарларын беріктікке және саңылаусыздыққа алдын ала сынау	Алдын ала сынауды қайта жүргізгеннен кейін құбыр өткізгіштің сыналатын учаскесінің жағдайы	Құбыр өткізгіштің элементтеріндегі ағу, дәнекерленген жапсарларда және негізгі металда ағу және булану, жарылу белгілер, құбыр өткізгіштің және жылжымайтын тіректердің көзге көрінетін қалдық деформацияларының болмауы	-	Құбыр өткізгіштің сыналатын учаскесі	Тұтас (әрбір учаске)	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	-	-	ҚНЖЕ 3.05.03-85 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алдын ала сынауды жүргізу туралы акт

4-кестенің соңы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылаудың мерзімділігі	Операцияларды бақылауды немесе жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгіленуі	Өлшеу, сынау құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгіленуі	Өлшеу ауқымы, ақаулылық, дәлдік сыныбы	
Қабылдау бақылауы (ҚНЖЕ 3.05.03)										
